



Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ

# UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №6 (1874) 20 АҚПАН 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

## Жібек жолы университеттері желісімен байланыс артады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Жібек жолы университеттері желісінің 8-ші Бас Ассамблеясы барысында Орталық Азияның жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Халықаралық форум аясында ҚазҰУ басшысы Орталық Азияның жоғары оқу орындары мен білім беру мекемелері ректорларымен кездесулер өткізді. Тараптар Жібек жолы университеттері желісіне кіретін мемлекеттердің ғылымы мен білімін дамыту мақсатында өзара іс-қимыл және әріптестік мәселелерін талқылады.

Жемісті келіссөздер нәтижесінде ректор Жансейіт Түймебаев пен Самарқан мемлекеттік әлем тілдері институтының ректоры Илхомжон Тухтасинов екі жетекші университет арасында өзара түсіністік туралы келісімге қол қойды.

Сондай-ақ форум барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Моңғолия Ғылым академиясының Тілдер және әдебиет институты арасында өзара түсіністік туралы меморандум орнады.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

## ҚазҰУ ректоры SUN директорлар кеңесінің отырысына қатысты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев 8-ші Бас Ассамблея және Жібек жолы университеттері желісі (Silk Road Universities Network) Директорлар кеңесінің отырысына қатысты. Ауқымды шара Дубай қаласындағы Канада университеті базасында ұйымдастырылды.



Жібек жолы университеттері желісі – «Жібек жолы рухын» қалпына келтіру және Жібек жолының құрлық пен теңіз бағыттарында орналасқан университеттерді біріктіру әрі болашақ көшбасшыларды даяр-

лау арқылы бүкіл әлемдегі бейбітшілік пен өркениеттің шығармашылық дамуына үлес қосу мақсатында құрылған ұйым. «Жібек жолы рухы» – шығыс пен батыс арасындағы көпірдің символы.



Жібек жолы университеттері желісіне әлемнің 28 елінен 81 жоғары оқу орны мен институты кіреді.

2015 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – осы ұйымның негізін қалаушы және SUN Директорлар кеңесінің мүшесі.

Сапар аясында ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев Бас хатшы Донг Хуан Сан мырзамен және Дубайдағы Канада университетінің президенті Карим Челлимен кездесті. Сондай-ақ шараға қатысушы жоғары оқу орындары ынтымақтастықты одан әрі кеңейту үшін өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Әбдеш ТӨЛЕУБАЕВ:  
Университетімізде археология саласына үлкен мән беріліп отыр

3-бет

Студенттерге қамқорлық таныту маңызды

4-бет

Әлем ойшылдарын қазақ тілінде сөйлеткен ғалым

5-бет

## Бірлесіп жұмыс істеуге уағдаласты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Total Eren компаниясының бас директоры Тьерри Плезанмен кездесті.

«ҚазҰУ Францияның көптеген ЖОО-ларымен серіктестік орнатып, түрлі білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобаларды табысты жүзеге асыруда. Білім ордасында 100-ден астам инновациялық жоба дайындалды. Сонымен қа-

тар ҚазҰУ-да Samsung, Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Alcatel, Microsoft, «Касперский зертханасы», Huawei және т.б. жоғары технологиялық компаниялардың сертификаттау орталықтары, институттары мен академиялары табысты жұмыс



істейді. Осы тұрғыда Total Eren компаниясының Алматыдағы бөлімшесін ҚазҰУ-да ашуды ұсынамын. Бұл бастама арқылы біздің студенттер Total Eren компаниясынан тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар магистратура және бакалавриатта ортақ білім беру бағдарламаларын дайындау қажет. Себебі елімізге химия, физика және география саласында білікті және білімді мамандар қажет», – деді ректор Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Тьерри Плезан мырза ректор ұсынысын қолдап, «Бүгінгі кездесу Қазақстанның жетекші университеті – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ынтымақтастыққа жол ашады деп сенемін. Алдағы уақытта ғылым саласын дамыту мақсатында ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыру қажет деп санаймын», – деп атап өтті.

Нұрсұлтан  
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беру: стратегиялар, тәжірибелер, ресурстар» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.

## Инклюзивті білім беру мәселесі өзекті



Ауқымды шараға Беларусь, Өзбекстан, Армения және Қазақстанның сарапшылары, ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер қатысты.

Шара ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың күн сайын кездесетін нақты проблемаларын анықтауға, сондай-ақ Қазақстанның жоғары оқу орындарында инклюзивті ортаны қалыптастыру үшін кәсіби қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіруге бағытталған.

Жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Нұржан Айдосов ашып, шараның маңызы мен өзектілігін атап өтті. ҚР Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2025 жылға қарай еліміздің жоғары оқу орындарының 70 пайызы инклюзивті білім беру үшін жағдай жасауы тиіс екенін айта келе, екі жыл ішінде оқу орны ерекше білім беру қажеттіліктері бар

студенттер үшін инклюзивті, кедергісіз орта құру керек екенін жеткізді. Бұл – пандустардың болуы ғана емес, есту қабілеті нашар адамдар үшін көрнекі ақпарат, арнайы оқу әдебиеттері мен жеке бағдарламалармен қамтамасыз ету.


ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің жоғары мектепте инклюзивті білім беру мәселелері бойынша кеңесшісі Таңсәуле Серіков сөз сөйлеп, инклюзивті білім берудің өзекті мәселелеріне тоқталды.

«Министрдің тапсырмасы бойынша «Мүгедектігі бар адамдар үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің жол картасы» құрылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, жоғары білім қолжетімді және инклюзивті болуы тиіс. Осыған орай, жол картасы қабылданып, барлық жоғары оқу орындарында таратылатын болады», – деді спикер.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

## Медтуризм саласындағы бірегей бағдарлама

ҚазҰУ мен Қазақстан медициналық туризм қауымдастығы арасында медициналық туризм саласындағы MBA, EMBA, DBA бағдарламалары бойынша қызметкерлерді кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру мақсатында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



циналық туризм департаменттерін жүргізу және басқару саласындағы жетекші сарапшылардан, бизнес-жаттықтырушылардан және практиктерден кәсіби, ғылыми негізделген және тәжірибеге бағдарланған білім алуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Туристік саланы дамыту №360» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2019-2025 жылдарға туризмнің негізгі басым бағыттары анықталған болатын. Соның ішінде медициналық туризм бағытына ерекше назар аударылып отыр. Қазақстан медицинасы технологиялық жағынан да, мамандардың кәсіби құзыреттілігі мәселелерінен де әлемдік тәжірибеден қалыс қалмайды.

Медициналық туризмді дамыту мақсатында жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде медицина және денсаулық сақтау факультеті Al-Farabi business school-мен бірлесіп медициналық туризм саласындағы MBA, EMBA, DBA жаңа бірегей бағдарламасын әзірледі. Бизнес мектептің корпорациялармен және квазимемлекеттік компаниялармен жұмыс істеу тәжірибесі мол. Сондықтан жаңа бағдарламаны жүргізу барысында клиентке ыңғайлы және ұдайы жетілдіру қағидаларын ұстана отырып, осы саланы басқаруда білім беру процесіне озық құралдар енгізілді.

Еңлік АҚЖІГІТ

## Экономист жетістікке жету жолы туралы айтты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде танымал блогер, қоғам белсендісі, тележүргізуші, экономист Дәулет Мұқаев «Әрекетке берекет: оқыған озады» атты тақырыпта көшбасшылық дәріс оқыды.



ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебін 2013 жылы бітірген Дәулет Төлеутайұлы өзінің «Dauletten» блогында баспаналы болудың жолдары туралы пайдалы кеңестерімен, қажетті ақпараттармен бөліседі.

Бұған дейін ҚазҰУ мен «Dauletten» қайырымдылық қорының арасында ынтымақтастық меморандумға қол қойылған болатын. Бүгінгі мотивациялық кездесу осы

іскерлік қарым-қатынастың жалғасы.

Ақпарат және коммуникация департаменті мен Экономика және бизнес жоғары мектебі бірлесіп ұйымдастырған көшбасшылық дәріске 500-ге жуық ҚазҰУ студенттері мен оқытушылары қатысты. Кездесу барысында блогер заманауи еңбек нарығындағы жағдай, білім мен ғылымның өзектілігі, жетістікке жету үшін қажетті дағдылар мен құзы-

реттіліктер туралы өз тәжірибесімен бөлісті.

Бүгінге дейін Дәулет Төлеутайұлының қолдауымен елімізде 57 отбасы баспаналы болып, «Баспанаға бағыт», «Бизнеске бағыт», «Балашағамен – солтүстікке» атты авторлық жобалары жүзеге асырылуда.

Одан бөлек, балаларды еңбекқорлыққа, ұлттық тәрбиеге және қамқорлыққа үйрету мақсатында «Dauletten» қайырымдылық қорының бастамасымен «D AGENT» анимациялық сериясы мультфильмі жарыққа шықты.

Көшбасшылық дәріс соңында белгілі блогер өзінің «Бизнеске бағыт-2» кітабын қолтаңбасымен белсенді оқырмандары мен Әл-Фараби ғылыми кітапханасына және Экономика және бизнес жоғары мектебіне үлестірді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

## «Парасат» кәсіподақ ұйымы есеп берді



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподақ ұйымы конференциясын өткізіп, өткен жылдағы жұмысын қорытындылады.

Кәсіподақ комитетінің төрағасы Талғат Мекебаев кәсіподақ ұйымының қатысуымен демалыс кестелері, ішкі тәртіп ережелері, нұсқаулықтар бекітіліп, университет қызметкерлеріне материалдық көмек көрсету туралы шешімдер қабылданғанын және құрылатын комиссиялардың құрамында қызметкерлердің жеке-дара өтініштері қаралатынын атап өтті.

Есептік кезеңде «Парасат» кәсіподақ ұйымы әлеуметтік-еңбек, құқықтық және экономикалық қауіпсіздікті одан әрі жақсартуға, қызметкерлердің демалысын, сауықтыру және бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған жұмыстарды атқарды.

Олардың қатарында университетіміздің үздік қызметкерлерін анықтау мақсатында ұйымдастырылған «Ең үздік маман» байқауын атап өтуге болады.

Демалыс күндері бір күндік тур аясында 100-ден астам университет қызметкері Алматы маңындағы көрікті жерлермен танысты.

Сондай-ақ кәсіподақ университет қызметкерлерінің балаларын да назардан тыс қалдырмай, оларға Жаңа жыл мерекесі және Балалар күні қарсаңында ойын-сауық қойылымдарын ұйымдастырып, сыйлықтар табыстайды.

Жазғы сауықтыру кезеңінде қызметкерлерге Ыстықкөлге демалуға жолдамалар беріледі. Осылардың барлығы ұйымдық бірлікті нығайту және студенттер мен оқытушыларға барынша қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

– Әбдеш Тәшкенұлы, кезінде халық суретшісі Сахи Романовпен сұхбаттасқанымда «Қазақ зәулім сарайлар тұрғызбаса да, қайтыс болғандардың басына там тұрғызған. Біз осындай тамдар арқылы көп жердің қазаққа тән екенін білеміз» деген болатын. Шілікті обасын зерттеу арқылы үлкен «олжаға» кенелдіңіз. Үшінші «Алтын адамды» таптыңыз. Көп обаның ішінде Бәйгетөбе обасына көңіліңіз түсіп, соны қазуды бастағаныңызды айтасыз. Бізде зерттелмей, уақытын күтіп жатқан обалар көп пе?

– Шынында да, ата-бабаларымыз зәулім сарай салмаса да, өз патшаларын алтынға орап киіндірген және о дүниеге де сол алтын киіммен аттандырған. Қазақ жерінен табылған бірнеше

ған. Тік қабаты жеті қабат. 2800-2900 жыл болғанмен, астында белгілі бір микроклимат қалыптасқан. Қазу жұмыстарына екі айдан асқанда алғашқы алтындар мен адамның сүйегі шыға бастады. Алтынның ерекше қасиеті бар. Бұл мемлекеттің қазынасы болғандықтан, оның бір түйірі де шашау шықпауы керек. Сондықтан алтын шыға бастаған соң, ең сенімді екі-үш жігітті қойдым, өзім де күні бойы соның басындамын. Тиісті мекемелерге хабар берілді. Әдетте үлкен қазына шыққанда солай жасау – міндет. Бұрын бұл жерге бір полиция бөлінісе, енді үш-төртеуі қатар күзететін болды.

Алтындардың бәрі аң стиліндегі бейнелер, ең үлкені алтын арқар – біреу ғана. Біз қасқыр-қонжық деп атаған әшекейде



**Әбдеш ТӨЛЕУБАЕВ**, тарих ғылымының докторы, профессор:

# Университетімізде археология саласына үлкен мән беріліп отыр

«Алтын адам» осының дәлелі. Өзім шығыстың азаматымын. Алты-жеті жасымда әкем нағашыларымыз, құдаларымыз тұратын Шіліктіге алып барды. Ондағы обалар көзге ұрып тұр. Азғана аумақта жүздеген оба бар, өте тығыз орналасқан және ірі. Ең үлкенінің биіктігі 8-9 метр, диаметрі 100 метрге жетеді. Біз жақтан барған адамдар қызықтап обаның үстіне шығып көрді. Сонда есімде қалғаны жергілікті тұрғындар әкеме «Бұл қалмақтардың зираты» деген болатын. Өйткені бұл жерден олар қазақтың дәстүрін көріп тұрған жоқ қой. Әкем шежіреші адам болды. Аяғыз, Көкпекті, Семейден ақсақалдар келіп, әкеммен шежіре жөнінде әңгімелесіп, үйде бірер күн жататын. Сонда мен мөлшермен 5-7 жастамын-ау, әлгі кісілерді маңайлап әңгімесін тыңдайтынмын. Менің сол қабілетімді байқады ма, әкем жанынан тастайтын болды. Ескі тарихты жақсы білетін. Соның өсері ме екен, 6-7 сыныптан бастап тарихшы болуға талаптандым.

Шіліктідегі обаны 2003 жылы қазып бастадық. Бұл кезде ғылым докторы атанғанымна он жыл болған, яғни қалыптасқан тарихшы едім. Бірақ Шілікті «Алтын адамды», сақ ескерткіштері менің ғылыми тағдырымда ерекше кезең болды. ҚазҰУ-да қызмет істеп жүргенде министрлікке, ұлттық компанияларға Шілікті бойынша бірнеше рет жоба бердім. Ылғи жолымыз болмай жүрді. Өйткені Шілікті сияқты үлкен обаны қазу үшін қомақты қаржы қажет және ұзақ уақыт қазу керек. 2002 жылы жобамды «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына берген болатынмын. Сол жылы желтоқсан айында инфаркт алып, қайта-қайта ауруханаға түсіп, ұзақ емделдім. Сол кезде «осы жоба іске аспайтын болды-ау» деп ойлады. 2003 жылдың мамыр айында шәкірттеріміз біздің жоба қолдау тапқанын айтты. Мен Бәйгетөбе обасын таңдадым.

Техникамен 15-20 сантиметрден бетін қырып отырғанда бір жарым ай дегенде топырақ қабатын алып, тас қабатқа жеттік. Тас обадан кейін ағаш қабірхана шықты. Қабірхананың керегесін 10-12 метрлік самырсын бөренелерден екі қатардан қойып сал-

қасқыр мен аюдың бейнесі ас-тасып келеді. Сақтарда қасқыр мен аюдың бейнесін араластырып пайдаланатын өнер болған. Қалған әшекейлер бұғы, бүркіт, бесжұлдыз бейнесінде. Кеңірдекше, қоңырауша алтындар да бар. Көпшілігі құйма әдісімен жасалған алтын әшекейлер.

Қазақстанда сақ, скифтердің үлкен обалары жаман зерттелген жоқ. Сақ, ғұн, үйсіндердің заманында Қазақстан жерін мекендеген халық көп болған. Сондықтан обалар да көп. Қазақ даласында болашақ археологтер зерттейтін жұмыс жеткілікті.

– Шіліктіден табылған «Алтын адамды» зерттеуге мемлекет тарапынан қомақты қаржы бөлу мәселесі айтылып еді. Зерттеу жұмыстары ойдағыдай жүргізілді ме?

– 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы басталды. Алғашқылардың бірі болып Шіліктіге қомақты ақша бөлінді. Сол кезден бастап, 2011 жылға дейін мемлекеттік бағдарлама бойынша жұмыс істедік. Жалпы, археология саласы бір тылсым дүние. Содан кейінгі сегіз-тоғыз жылда үлкен үш оба, он шақты шағын оба қаздым. Олардан да тарихи мәлімет шықты. Бірақ жаңағыдай алтын болған жоқ. Ірі обалардың бәрінде әлеуметтік мәртебесі жоғары адамдар жерленген. Олармен бірге міндетті түрде алтын қойылған. Солардың көбі тоналып кеткен. 2016 жылы Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметовтің қолдауымен тағы бір 9 метрлік үлкен оба қазып, олжаға кенелдік. Осы обадан да 2500-дей алтын шықты. Шіліктінің Бәйгетөбесінен 3404 дана алтын шықты.

Өмірде жолым болған адаммын. «Алтын адамды» ашуға үлкен дайындықпен келдім. Өмірде кездейсоқтық болмайды. Ал енді кездейсоқтық болса, оған зерттеуші дайын болмаса, оның құпиясы сол күйі ашылмай кетеді.

– Қазақ даласынан бір емес, бірнеше «Алтын адам» табылды. Өзге елдерде осындай жағдай кездесті ме?

– Университет басшылығына «Шіліктінің алтын адамы, Елеке сазынан табылған алтын сәйгүлік біздің университеттің мұражайында тұруы керек» деген ұсыныс

айтып жүрмін. Бұлар ұлттық дәрежедегі бірегей жәдігерлер және оларды осы университет ғалымдары тапты, зерттеп қалпына келтірді. Жансейіт Қансейітұлы жалпы ұлттық мәдениетті, ұлттық ғылым-білімді ерекше жақсы түсінетін басшы. Келгеннен бері Археология және антропология ғылыми-зерттеу институтын ашып берді. Енді осы ерекше бағалы жәдігерлеріміздің заттық көшірмесін жасатып, университет музейіне қойғызады деген үміттеміз.

Жалпы, сақ, скиф таралған аймақтағы обалардың бәрінде алтын бар. Олардың таралған аймағы сонау Байқалдан бастап, Дунайға дейін. Алтынды обалар Қырымда, Қара теңіз бойында да көп табылған. Кейінгі кезде еуропалық ғалымдар сақ-скифтер мәдениетінің сол елдердің төл мәдениеті емес екенін біраз мойындай бастады. Сондықтан да болар, олар сақ-скиф алтындарына дәл біздей мән бермейді. Тарихта алғаш рет мойындалып, жарияланған – Кемел Ақышев тапқан Есіктегі «Алтын адам». Біздің жерімізден тыс аймақтарда табылған киімге тағылған алтын бұйымдарды қазір ішінара жаңғыртып жатыр. Мысалы, Тува жеріндегі Аржанда табылған «Алтын адам». Оның жасалған кезін ғалымдар біздің заманымызға дейінгі IX-VIII ғасыр деп жүр. Бұл алтын киімді адам жасы жағынан Еуразиядағы осындай жәдігердің ең көнесінің бірі. Онымен жасы жағынан тек Шілікті алтын киімді адамы ғана теңесе, таласа алады.

Соңғы кезде қазақ жерінде қазылып ашылған сақ дәуірі обаларының біразынан алтын көмбелер шықты. Оның үстіне осы алтын әшекейлер шыққан обалардың көпшілігі ірі обалар емес, алтынының саны да алтын киімді адам дейтіндей көп емес. Бұларды журналист ағайындар кішкене өсіріп, біздің жерден бөлен алтын адам шықты деп ұрандатып жүр. Мен мұны аса қолдамаймын. Мұның бәріне терең ғылыми негіз болуы керек. Мысалы, осы нысандарды ашып зерттеген ғалымдар бірнеше ғылыми ортада ойналқыға салып (конференциялар), ондағын ғылыми мақала, мүмкін болса монография шығарып дәлелдесе, мойындауға бо-

уақытта Ғылым комитетінің базалық қаржыландыруына кіреміз деген үмітіміз де бар. Жансейіт Қансейітұлы бұл мәселеге үлкен мән беріп отыр. Алдағы уақытта университетімізде де ғылымды қаржыландыру мәселесі жақсарды деп ойлаймын. Ең бастысы – бізде кадрлар бар. Сақа ғалымдармен қатар, өсіп келе жатқан жас ғалымдар да баршылық.

– Археологиялық қазба байлықтарымыз қаншалықты қорғалған? Археология саласының қыр-сырын біліп алып, оны жеке бас мүддесі үшін пайдаланып кеткен жағдайлар кездесті ме?

– Кәсіби археологтер ондай әрекетке барды деп естімеппін және оған барады деп ойламаймын. Өйткені археология аруақ, көне ата-бабалардың дүниесімен байланысты нәрсе. Өзім қандай да бір ірі ескерткішті қазарда малымды сойып, құран оқытып барып істі бастаймын. Олардың діні басқа болуы мүмкін, дегенмен өзіміздің ғұрыппен мінәжат жасаймын. Шәкірттеріме «Бұл аруақтың дүниесі, осыдан иненің жасуындай бір зат алсаң, ол саған тек жамандық алып келеді. Өзіңе қиын болады» деп айтамын. Бұл – шәкірттерімізді жамандықтан сақтандыратын «дежурный» сөз емес, менің өзімнің берік ұстанымым. Өз шәкірттеріміз қазба кезінде бірден ғұрыпты ұрлапты, оны бір жаққа жіберіпті» дегенді естіген емеспін. Ал енді қара археологтер бар. Сақтардың ескерткішінде алтын көп болғандықтан, көбіне солардың обалары тоналады.

Осыдан үш-төрт жыл бұрын ескерткіштерді қорғау туралы заң қайта жасалып жатқан кезде осы мәселені қойғанбыз. Қазір байқап жүрмін, табиғатты қорғау заңы өте күшейтілген. Қызыл кітапқа енген арқар, бұғыны атсаңыз, жоғары көлемде айыппұл салынып, мүлкі тәркіленеді. Археология саласында да осындай айыппұлды, жауапкершілікті күшейту керек. Тіпті бұл азаматтық іс емес, қылмыстық іс ретінде қарастырылса да артық емес.

– Археолог мамандығы әрі қызық, әрі, жасыратын несі бар, қиындығы да бар. Өйткені шағын ғана топ бір жерде тапжылмай зерттеу жүргізу асқан табандылықты қажет ететіні сөзсіз. Дала экспедициясында жүргенде өзіңізге ұмытылмай қатты өсер еткен оқиғаңыз бен бөліссезіңіз.

– Негізі, археологтер даланы аңсап тұрады. Кейбіреулер археология романтикалық мамандық деп жатады. Шындығында, романтика дегеніңіз – екі-үш күн ғана. Әрі қарай ол кәдімгі бейнет.

Қазбаның басында көбіне маман шәкірттеріміз отырады. Өзім әркез жаңа ескерткіштер іздеп жүремін. Сонда әртүрлі жағдайлар кездесті. «Жылан алтынға үйір болады» деген әңгіме қазақтың түсінігінде бар. Бірде обаның енін өлшейік деп жатсақ, оң аяғым былқ ете түсті. Әдетте дала жұмыстарында жүргенде қонышы биіктеу, былғары аяқ киім киеміз. Сөйтсем, тура білектей жыланның ортан белінен басып тұр екенмін. Дерек аяғымды көтере қойып ем, абырой болғанда, маған шапшымай, әрі қарай қайрандап жылжып кетті. Ондай ұсақ-түйек жағдайлар көп болады.

Дала экспедициясының қиындығымен бірге қызығы да қатар жүретіні рас. Әсіресе алтын табылған кезде адамның көңіл күйі бөлек болады.

– Әңгімеңізге рақмет.

**Джатин Сривастава АҚШ-тың Огайо университетінің Е.В.Скриппс атындағы журналистика мектебінің докторы және Халықаралық журналистика институтының директоры. Ұстаз Сривастава ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің өткен жылы шетел ғалымдарын республикалық бюджет есебінен тарту бағдарламасы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде «Академиялық жазуда бұқаралық коммуникация теорияларын пайдалану» курсынан дәріс өткізді.**

рас. Медиа ұйымдардың ақпаратты қалай жинайтыны және өңдейтіні, олардың табыс табу тәсілдері мен аудиторияның медиа мазмұнды қабылдауы және таратуы бойынша өзгерістер бар. Сондықтан медиа білім беруде осы өзгерістерді ескеру қажет деп есептеймін. Әлемдегі көптеген медиа және журналистика

заманауи медиа нарық үшін негізгі біліктілік талаптары болып есептеледі, – деді доктор Сривастава.

Джатин Сривастава бірқатар халықаралық бастамаларға белсенді қатысып, көптеген онлайн және офлайн форматта халықаралық конференциялардың ұйымдастырушысы және модера-

жеңілдететін және ынталандыратын ғылыми-зерттеу экожүйесін дамыту. Зерттеу экожүйесін дамыту ұзақ мерзімді үдеріс, бірақ бұл ресурстарды тиімді инвестициялау. Ол кітапхана жүйелерін модернизациялауды, зерттеуге байланысты басқа ресурстарға (мысалы, зертханалар, зерттеу қолжазбаларын жазуға және өң-

# Студенттерге қамқорлық таныту маңызды

Ғалым педагогикалық магистратурада «Бұқаралық коммуникацияның теориясы мен зерттеу әдістері» және бакалавриатта «Графикалық дизайн», «Медиа-сауаттылық» курстарынан дәріс береді. Сонымен қатар С.Аманжол атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің журналистика мамандығы бойынша білім алушы студенттеріне арнап «Біздің қоғамдағы медиа: ақпараттың халық қабылдауына әсері» тақырыбында онлайн дәріс оқыды. Орталық Азиядағы журналистика саласындағы бірінші МООС платформасының ашылуына арналған халықаралық конференцияға қатысып, презентация жасады.

– Әлемнің түкпір-түкпіріндегі және Орталық Азия ғалымдарымен де бірнеше жобада тығыз жұмыс істеп келемін. Менің ойымша, бұл өңірдегі оқу орындары білім беру арқылы қоғамға қызмет етуде таңғаларлық жұмыстар атқаруда және олар көптеген батыстық жоғары оқу орындарына қарағанда озық үлгі көрсетуде. Орталық Азия халықтарының мәдениеті мен тарихы батыс елдеріне қарағанда өзгеше. Сондықтан бұл өңірдің жоғары оқу орындарының басымдықтары мен бағыттары да көптеген батыс институттарынан біршама басқаша қалыптасқан. Алайда өзара ерекшеліктерге қарамастан, оқуға деген ұмтылыс пен студенттерге көмектесуге деген құштарлық өңірлер мен мәдениеттерге бөлінбейді және бірлесе жұмыс істеуге, бір-бірімізден үйренуге көптеген мүмкіндіктер бар екені сөзсіз. Ең бастысы, студенттерге қамқорлық таныту маңызды деп есептеймін. ҚазҰУ ғалымдары мен студенттерімен

көп жылдар бойы жұмыс істеп келемін және оларды өзімнің халықаралық тәжірибемде кездестірген ең үздіктердің бірі деп білемін. Огайо университеті мен ҚазҰУ оқытушылары 2012 жылдан бері әртүрлі іс-шаралар өткізіп, тығыз қарым-қатынас жасауда. Осы орайда, біз болашақта көптеген академиялық жобаларды жүзеге асыратынымызға сенімдімін, – деп сөзін бастады Халықаралық журналистика институтының директоры.

Джатин Сриваставаның ғылыми қызығушылығы жаңа медианың қалыптасуы мен дамуын теориялық тұрғыда зерттеуге негізделген. Сондай-ақ Үндістанның ақпарат құралдары мен оның қоғамға ықпалына қатысты зерттеулер жүргізуде. Үндістандағы жаңа медиа мен денсаулық туралы ақпараттардың таралуына байланысты зерттеулері кітап тараулары мен зерттеу мақалалары болып жарияланған. Доктор Сриваставаның еңбектері Computers in Human Behavior, Communication Review, Journal of Health Communication, Communication Research, Human Communication Research және Telematics and Informatics сияқты танымал халықаралық журналдарда жарық көрген. Сонымен қатар Журналистика және бұқаралық коммуникация саласындағы білім беру қауымдастығы (AEJMC), Ұлттық коммуникация қауымдастығы (NCA) және Халықаралық коммуникация қауымдастығы (ICA) ұйымдастырған әртүрлі халықаралық конференцияларда өз зерттеулерін жариялады.

– Соңғы екі онжылдықта жаңа медианың, әсіресе әлеуметтік медианың пайда болуы медиа ортаға айтарлықтай әсер еткені



мектептері оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында осы жылдам өзгеретін медиа ортада студенттер мен нарық қажеттіліктеріне жауап беруге тырысуда. Е.В.Скриппс журналистика мектебінде біз оқу жоспарымызға интернет және әлеуметтік медиа дағдыларына сай өзгерістер енгізу бойынша жұмыс істеудеміз. Сонымен қатар цифрлық медиа экономикасы ұсынатын мансаптық мүмкіндіктердің алуан қырына дайындалуда студенттерімізге көбірек мүмкіндік беру үшін бағдарламаларымызды қайта құрылымдадық. Біз оқу бағдарламаларына көптеген өзгерістер енгізіп жатқанымызға қарамастан, журналистикадағы және стратегиялық коммуникациялық білім берудегі әлеуметтік жауапкершілік, этикалық мінез-құлық және кәсіби адалдық сияқты негізгі құндылықтарға ерекше назар аударамыз. Әрқашан студенттеріміздің осы құндылықтарды игеріп, бағалайтынына сенімдіміз. Себебі бұл

торы болды. 2013 жылдан бері Журналистика және бұқаралық коммуникацияға білім беру қауымдастығының (AEJMC) Халықаралық коммуникация (International Communication Division) бөлімінің белсенді қызметкері және осы уақытқа дейін ол ғылыми жетекші, орынбасары және бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. Сонымен қатар Оңтүстік Азия коммуникациялар қауымдастығының (SACA) басқарушы комитетінің мүшесі және Халықаралық коммуникацияны зерттеу журналының редакциялық кеңесінің және Огайо университеті факультеті сенатының мүшесі.

– Менің ойымша, академиялық зерттеулер үшін әлеуетті арттырғысы келетін жоғары оқу орындарында екі нәрсеге назар аудару маңызды. Бірі – профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттерді зерттеу жұмыстарын жүргізуге үйрету, екіншісі – оқытушылар мен студенттер арасында ғылыми-зерттеу қызметін

деуге көмектесетін жазу орталықтары, конференцияларға арналған гранттар және т.б.) инвестициялауды және оқу орнының зерттеулерін көрсететін платформаларға инвестициялауды қамтуы мүмкін. Орталық Азия өңіріндегі жетекші университеттердің бірі ретінде ҚазҰУ-дың осы өңірде қызмет көрсетуге бағытталған ғылыми-зерттеу экожүйелерін дамытуда жетекші ұйым болу мүмкіндігі зор. Мысалы, ҚазҰУ жоғары сапалы рецензияланатын академиялық журналдарды әзірлеу және академиялық қауымдастықпен және басқа мүдделі тараптармен (мысалы, үкімет) Орталық Азия аймағында жүргізілген зерттеулерді өңірлік тілдерде және ағылшын тілінде бөлісуге болатын академиялық іс-шаралар ұйымдастыра алады. Мен Қазақстанның алуантүрлілігіне, оның табиғи сұлулығына таңғалдым және өте қонақжай халқына тәнті болдым. Маған Қазақстан өте ұнады және осы алғашқы сапарым ешқашан ұмытпастай тағаша әсер қалдырды. Сондықтан мені әсем Алматыға шақырып, қонақ еткені үшін ҚазҰУ басшылығы мен журналистика факультетіне ерекше алғысымды білдіремін. Маған журналистика факультетінің оқытушыларымен және студенттерімен жұмыс істеу өте ұнады және болашақта да бірге жұмыс істеуге көптеген мүмкіндіктер болатынына сенімдімін, – деп сөзін қорытындылады Джатин Сривастава.

**Қарлыға Мысаева,**  
фил.ғ.к., қауымдастырылған профессор,  
журналистика факультеті деканының орынбасары

# Жұмыс берушімен іскерлік байланыс

**ҚазҰУ-дың тарих факультеті жаңаша көзқарас негізінде жұмыс жүйесін қайта құру үстінде. Соның аяғы магистранттардың педагогикалық тәжірибесін ғылым мен мектепті байланыстыра іске асырудың жаңа тетіктерін іздестіру барысында Алматы қаласындағы №181 орта білім беретін мектепте екі үлкен шараның қатар өткізілуі еді. Бірі – жоғары сынып оқушыларымен мамандық таңдау бойынша кездесу болса, екіншісі – мектеп іргесінде «Тарих факультетінің әдістемелік кабинеті» ашылды.**

Осынау маңызды шараларды өткізуге көп жылдар қалалық білім жетілдіру институтының тарихшы мамандарына жетекшілік жасаған және факультетімізде тарихты оқыту әдістемесі бойынша сабақ беріп келе жатқан Қайыркен Құнапина бастама көтерді. Игі бастаманы факультет пен мектеп басшылығы қолдап, мектептің үлкен залында 10-11 сынып оқушыларының факультет деканы, т.ғ.д., профессор Д.Байғұнақов бастаған оқытушы-про-

фессорларымен кездесу өтті. Нақтырақ айтсақ: т.ғ.д., профессор Т.Төлебаев, т.ғ.к., профессор Қ.Құнапина, Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., профессор Р.Мырзабекова, осы кафедра меңгерушісінің орынбасары, т.ғ.к., доцент Н.Алпысбаева, т.ғ.к., доцент Е.Қартабаева, т.ғ.к., доцент Ф.Миманбаева, аға оқытушы Е.Оразаев қатысып, тарих факультетінде дайындалатын мамандықтар, олардың ерекшелік-



тері туралы баяндады. Мектеп директоры, тәжірибелі басшы, тарих ғылымының кандидаты, ғалым-ұстаз Жеңісгүл Сатаева бастаған мұғалімдер мен оқушылар мамандықтар туралы сұрақтар қойып, өз ойларымен бөлісті.

Бұдан соң тарих факультетінің деканы Досбол Сүлейменұлы мен

мектеп директоры Жеңісгүл Сатаева факультет пен мектептің, білім ордасы мен жұмыс берушінің арасындағы іскерлік байланысты орнату, магистранттардың мамандық негізіндегі іс-тәжірибесін және оның ғылыми мазмұнын жетілдіре түсу мақсатында арнайы әдістемелік кабинет жа-

салғанын баяндады. Кең, жарық және жаңа жиһаздармен жабдықталған «Тарих факультетінің әдістемелік кабинеті» салтанатты түрде ашылды. Кабинетте тарих пәнін оқып-үйренуге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдары, тарихи көркем шығармалар, әртүрлі көрнекі құралдар ретімен, жүйелі орналас-тырылған. Мұнда оқушылардың сабаққа дайындалуына, ал магистранттардың әдістемелік шеберліктерін арттыруына және өткізген сабақтарын ұстаздарымен бірлесе отырып талдап, жетістіктері мен кемшіліктерін айқындауға барлық жағдай жасалған.

Тарих факультетінің мектептегі арнайы әдістемелік кабинеті елімізде алғашқылардың бірі болып ашылып отырғанын да атап айтуымыз керек. Бұл магистранттардың сабақ берудегі шеберлігін шыңдап, білікті ұстаз болып шығуына да үлкен мүмкіндік береді.

**Тұрғанжан ӘБЕУҰЛЫ,**  
тарих ғылымының докторы,  
профессор

# Әлем ойшылдарын қазақ тілінде сөйлеткен ғалым

Біз бүгін арамызда жүрген талантты, кемеңгер философ-мәдениеттанушы, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы, Қазақстандық философиялық конгрестің вице-президенті, философия ғылымының докторы, профессор Тұрсын Хафизұлы жөнінде ой қозғамақпыз. Кемел жасқа келген ағамыздың ғылым мен білім саласына қосқан үлесі өте қомақты, уақыт өте келе бейне бір екінші рухани демі ашылғандай.



Айта кетер болсақ, Тұрсын Хафизұлы бүгінге дейінгі шығармашылық ғұмырында 200-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 80-нен астам жеке және ұжымдық монографиялардың, көптеген оқулықтар мен оқу құралдарының, энциклопедиялардың, сөздіктердің, жалпы саны 600-ден асатын жарияланымдардың авторы атаныпты. Ғалымның философия және этика тарихы бойынша еңбектері АҚШ, Германия, Ауғанстан, Иран, Әзірбайжан және Түркияда жарық көрген. Профессордың ғылыми жетекшілігімен 40-тан астам ғылым кандидаты мен алты ғылым докторы, бес философия докторы (PhD) дайындалғанын баса айту керек.

Тұрсын Ғафизұлы ғылымның қазақ тілінде сөйлеуіне мән беріп, қазақтілді интеллектуалды ұлт қалыптастыру мақсатында ұлттық философиялық категориялар жүйесін құрылымдауды негізге ала отырып, әлемдік ойшылдардың шығармаларын қазақ тіліне аудару ісінде орасан зор еңбек етті. Ол 2006-08 жылдары

мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді атсалыса отырып, «Әлемдік философиялық мұра» және «Қазақ халқының философиялық мұрасы» секцияларының мүшесі, ғылыми мақалалардың авторы және алты томдықтың құрастырушысы болды. Академик, филос. ғ.д., профессор Ә.Нысанбаевтың бастамасымен әл-Фарабидің философиялық мұрасы бойынша қазақ тіліне аударма жасап, оның еңбектерін қазақ қоғамына кеңінен таныстырды. Жаһандану жағдайында алдымызда тұрған міндеттердің бірі – халқымыздың ежелгі тарихи, мәдени және рухани өлемінің терең тамырларын анықтап, оларды түбегейлі зерттеп, философиялық тұрғыдан біртұтас жүйеленген ұлттық мұрамызды жаңғыртып жасап шығаруда да сүбелі үлес қосты.

Түрсекеңнің ойы бойынша, қазақ халқының әлемдік өркениетке өзіндік болмысымен енуіне мүмкіндік беретін, ілгері дамуымызға тұғыр болатын ұлттық санамыздың ұстанымды ерекше-

ліктерін саралау өте маңызды және бұл ғасырлар тұңғығымен тамырласып жатқан ұстын-құндылықтар, яғни біздің ұлттық тұтастануымыз үшін табан тірейтін тұғырларымыз ұлттық руханиятымызды жаңа өркениеттік көзқараспен, терең біліктілікпен жан-жақты талдау қажет. Осы бағытта қызмет еткен ғалым-ұстаз басқа да отандық ғалымдармен бірлесе отырып «Қазақ халқының философиялық мұрасы», «Әлемдік философиялық мұра», «Қазақтың тарих философиясы», «Қазақтың этикасы мен эстетикасы», «Қазақ ағартушыларының философиясы» атты іргелі рухани дүниелерді жарыққа шығарды.

Студент, магистрант және докторант жастарды білім мен ғылымға сусындату мақсатында

оқу-әдістемелік салаға да айрықша бет бұрып, «Құқық философиясы», «Қазақ философиясы», «Ғылым философиясы мен тарихы», «Заңгер этикасы», «Ticaret Ahlaki», «Қазақ философиясы мен мәдениеті» т.б. философия және мәдениеттану ғылымдары бойынша қазақ және түрік тілдерінде бірнеше еңбектерін жарыққа шығарды.

Тұрсын Ғафизұлы еліміз тәуелсіздік алған тұстан бастап, қазақ мәдениеттану мектебінің негізін қалаушы ретінде бұл салаға ерекше назар аударып, оның әлемдік деңгейге көтерілуіне мұрындық болды және елімізде мәдени антропология ілімін өркендетуге жол ашты. Ғалым ретінде ұлттық дүниетанымды, мәдениетті, философияны зерделеу барысында

оның ұлттық бояуы мен өзіндік ділі мен кодын таза қалпында сақтауды ұсынып, еуроцентристік көзқарастардан арылудың да жолын көрсете алды. Сол ұлттық тілін жетік білмей, оның мәдениеті мен дүниетанымын зерттеушілерді де сынға алып, жалпы, батыстық таным парадигмасы бойынша қасаң стандарттарға бағдарланбайтын, қазақи еркін ойлы даналық философиясының сырын ашу қажеттігін де көрсетіп келеді. Мәселен, «Абай – маргинал», «Асанқайғы – алғашқы утопист», «Ғұмар Қараш – экзистенциалист», «Ш.Уәлиханов – атеист» деген сияқты терең, басқаша таным жазықтығында толғанылатын ұлттық философияны батыстандыруға болмайтынын үнемі ескертіп келеді.

Тұрсын Ғафизұлы тек ғылыми кеңістікте ғана емес, тұрмыстық-отбасылық өмірде де сүйікті жары Майра Исатайқызымен бірге бақытты ғұмыр кешіп келеді. Қыздары Жанар мен Алина өмірден өз бақыттарын тауып, тұрмыс құрып, ағамыз бен жеңгемізге алтындай немерелер сыйлап отыр. Әрдайым тыңғылықты, тындырымды қалпында жүруінен жаңылмайтын ағамыздың әрбір жетістігі жастарға үлгі.

Лесхан АСҚАР,  
Берік АТАШ,

Философия кафедрасының  
ұстаздары

## Заманауи бейіндік мектеп

Тарихы 2011 жылдан бастау алатын білім беруді дамытуды көздейтін Қазақ ұлттық университетінің тәжірибесі мен білім беру жүйесінің негізінде құрылған бейіндік мектептің қалыптасқанына биыл 12 жыл толды.



Бейіндік мектептің негізгі миссиясы – бәсекеге қабілетті білімге, креативті ойлауға ғана емес, сонымен қатар жоғары азаматтық және адамгершілік принциптерге, патриотизм мен әлеуметтік жауапкершілік сезіміне, белсенді қоғамдық ұстанымы бар, зерттеуге және шығармашылыққа әлеуетті, жоғары мәдениеті мен руханиятына ие болатын елімізді дамыған мемлекеттер қатарына қосуға өз үлестерін қоса алатын тұлғаларды даярлау. Қазір мұнда өте тәжірибелі және жоғары білікті мұғалімдер, ҚазҰУ оқытушы-профессорлар құрамы сабақ береді. Сондай-ақ мектепті құру кезінде оның дамуына Роза Барғабайқызы, Шынтай Мадиярова, Роза Хан, Мәдина Шайхынова, Гүлнара Атамбаева, Сәуле Тұрсынбаева, Алтын Әсембаева, Шара Сабырқызы, Нұрлыбек Қуанбаев, Роза Жазықбаева, Жарылқасын Еркінұлы, Света Сембайқызы, Дарья Есболқызы, Ботагөз Ниязқызы және т.б. мұғалімдердің қосқан үлесін қарапайым сөзбен жеткізу мүмкін емес. Мұғалімдер мен мектеп оқушыларының ынтымақтастығы мен шығармашылығының нәтижесінде білім алушылар аудандық, қалалық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысып, қатысушылар жүлделі орындарға ие болып, аудандық және

қалалық олимпиадалар мен халықаралық ғылыми конкурстарда сертификаттар алуға. Қазіргі таңда мектебімізде ҚазҰУ-дың магистратура, бакалавриат деңгейінде білім алған түлектер бейіндік мектеп оқушылары білім нәрімен сусындатып отыр.

2022/23 оқу жылының сәтті басталуына мектебіміздің мынадай жетістіктері дәлел бола алады: «Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығы іс-шаралар жоспарына сәйкес, жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңіне жалпы 133 оқушы қатысты. Жалпы қатысушылардың ішінен 94 оқушы жүлделі орындарға ие болып, 33 оқушы аудандық олимпиадаға қатысуға мүмкіндік алды. 10-сынып оқушысы Еркебұлан Асаев Жансая Әбдімәлік академиясында қалалық шахмат турнирінен жүлделі 3-орын, «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастыратын жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың республикалық зерттеу жобалар конкурсының қалалық кезеңінің «Жер және ғарыш туралы ғылыми секциясы бойынша» 11-сынып оқушылары Аняля Махидинова мен Әмина Насирдинова 1-орын және

«Тұран» университетінің грантына ие болса, 9-сынып оқушысы Дамир Төлегенов Алматы қалалық тазқвондо жаттықтырушысы Қуаныш Исаковты еске алуға арналған турнирінде 12-14 жас 53-57 келі салмақ дәрежесінде I орын, 11-сынып оқушысы Азбергенова Айдана АҚШ мемлекетіне 2023 жылдың күзгі семестрінің New England College-дің тілдік бакалавриат бағдарламасының грантын жеңіп алды. Тұрсын Исатайға Алматы қаласы әкімдігі мен спорт басқармасы қолдауымен «Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер» атағы берілді.

Жыл сайын оқушылардың осындай жетістіктерге жетуіне және олардың санының артуына, білім сапасының күшеюіне, Ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары балл жинап қана қоймай, ЖОО гранттарын жеңу мүмкіндіктеріне ие болуға бейіндік мектеп мұғалімдерінің қосқан үлесі зор екеніне күмән жоқ. Жетістіктердің нәтижесі ҚазҰУ мен бейіндік мектептің сәтті коллаборациясының дәлелі деп білеміз.

Кәмшат ЕСЕНОВА,  
ҚазҰУ Бейіндік мектеп  
директоры, PhD докторы  
Арайлым БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,  
ҚазҰУ Бейіндік мектеп әдіскері,  
пед.ғ. магистрі

Әл-Фараби атындағы кітапханада «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті. Экономика және бизнес жоғары мектебі Экономика кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы бұл игі шараға үлкен қуанышпен қатысты.

## Кітапханаға тарту



Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы жыл сайын оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер шығарады. Сыйға берілген барлық кітап Әл-Фараби кітапханасының қорына қосымша тарту. Ақпараттық технология заманында заманауи технология кітапты ығыстырып, алмастыра алмайды.

Кітап – барлық білімнің қайнар көзі. Кітап оқу – адамды ойландыратын, өзіндік пікірін қалыптастыратын, тұлғаны байытатын күрделі шығармашылық процесс. Кітапхана қыз-

меткерлері осы процесті насихаттауға және танып мал етуге өз үлесін қосып келеді. Үнемі кітап көрмелері сериясы, кітапханаға экскурсиялар және т.б. игі іс-шараларды ұйымдастыруда.

«Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ҚазҰУ-дың дәстүрлі қайырымдылық іс-шарасына айналатынына сенімдіміз.

Айман ЕРЕЖЕПОВА,  
Экономика  
кафедрасының  
аға оқытушысы, э.ғ.к.

# Надеюсь на плодотворное сотрудничество

**Язык науки универсален. Поэтому он позволяет особенно успешно выстраивать и развивать коммуникации. Научные коммуникации России и Центральной Азии опираются на общие традиции, единую историю и схожую культуру.**

В осеннем семестре текущего учебного года я получила приглашение от кафедры Менеджмент Казахского национального университета им. Аль-Фараби, возглавляемой д.э.н., профессором Тургинбаевой А.Н. для чтения лекций и проведения семинаров по дисциплине «Методы научных исследований/Methods of scientific research» в Высшей школе экономики и бизнеса.

В процессе прохождения курса докторанты 1 курса специальностей «Менеджмент», «Государственное и местное управление», «Инновационный менеджмент»,



«Управление проектами» «Экономика», «Маркетинг», «Логистика», «Финансы» показали высокий уровень подготовки, что в итоге сформировало мое положительное впечатление об университете.

Известно, что КазНУ им. Аль-Фараби в рейтинге QS World University Rankings по странам Восточной Европы и Центральной Азии (QS World University Rank-

ings ECA 2022) занимает 16 место. КазНУ имени Аль-Фараби стал первым вузом в Центральной Азии, который занимает 201-250 место из 550 вузов в рейтинге трудоустройства выпускников (QS Graduate Employability Rankings). По результатам исследования Британского агентства «Times Higher Education» КазНУ занимает позицию 1001-1200, в

рейтинге Asia University Rankings занимает 401-500 место, THE Emerging Economies rankings - 351-400, в рейтинге THE Impact Rankings – 801-1000 место.

Довольно интересной прошла встреча и с преподавателями кафедры Менеджмент по проблеме продвижения научного издания в международных журналах. Особенный интерес

вызвали вопросы коллаборации ученых разных стран, актуальные направления экономических исследований, возможности будущих совместных проектов.

В целом, выражая признательность за доверие, надеюсь на долгосрочное плодотворное сотрудничество в целях реализации намеченных совместных планов по проведению коллективных исследований и организации совместных научных мероприятий. Успех международных публикаций во многом определяется составом научного коллектива – международный авторский состав обычно способствует лучшей цитируемости публикаций и более продуктивному продвижению научных изданий.

**Елена ПОПКОВА,**

доктор экономических наук, профессор, президент АНО «Институт научных коммуникаций», ведущий научный сотрудник МГИМО МИД РФ

**В каждой сфере есть свои герои, через призму деяний которых высвечивается история. Среди плеяды наших знатных ученых - д.х.н., профессор Андрей Петрович Курбатов, выпускник нашего университета, внесший значительный вклад в развитие химической науки и образования в Казахстане. Андрей Петрович Курбатов – профессор кафедры Аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов факультета химии и химической технологии КазНУ им. Аль-Фараби.**

А.П. Курбатов долгое время работал по различным хозяйственным договорам, основной темой которых было изучение химических источников тока. Этой научно-исследовательской проблемой он продолжал заниматься и на кафедре аналитической химии, куда перешел в числе многих сотрудников в 1993 году. В 1997 году А.П. Курбатов защитил кандидатскую диссертацию, а в 2010 – диссертацию на соискание ученой степени доктора химических наук по специальности «электрохимия». В настоящее время Андрей Петрович Курбатов продолжает работать на кафедре Аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов. Курбатов А.П. разрабатывал и читал такие курсы как: «Химические источники тока», «Применение компьютеров в химии и химической технологии», «Технология гидроэлектрометал-

## Более полувека в стенах университета

лургических производств», «Кинетика электрохимических процессов», «Современные методы исследования в электрохимии», «Теоретическая электрохимия» и др. Методология преподавания Курбатова А.П. получила признание не только в студенческой и преподавательской среде, но и была отмечена высокой государственной наградой «Лучший преподаватель вуза».

Курбатов А.П. является основателем лаборатории технологий электрохимических производств в Центре физико-химических методов исследования и анализа при КазНУ им. Аль-Фараби. Он заведовал этой лабораторией на протяжении почти 30 лет. Его по праву считают одним из столпов казахстанской электрохимии. Круг научных интересов Андрея Петровича широк. Это химические источники тока на основе щелочных и щелочноземельных металлов, электрохимия активных металлов, получение тонкодисперсных металлических порошков, металлических покрытий и т.д. Исследования, проводи-

мые Курбатовым А.П. отличаются не только теоретической глубиной, но и прикладной значимостью.

Под руководством Курбатова А.П. были разработаны модели коррозионных процессов, протекающих на литиевом электроде в литиевых батареях, предложены модели переноса заряда в них, что позволяет предсказывать поведение системы при длительном хранении.

По заказу Талдыкорганского завода свинцовых аккумуляторов командой Андрея Петровича был разработан ингибитор коррозии для сухозаряженного свинцового аккумулятора, который позволяет заменять дефицитный и дорогой ингибитор –  $\alpha$ -оксинафтойную кислоту на этом заводе.

Исследования, реализуемые в лаборатории на текущий момент, посвящены синтезу инновационных 2D- и 3D-материалов класса MXene и MOF для их применения в качестве суперконденсаторов, литий-ионных и натрий-ионных батарей.

Интересные разработки были сделаны в области получения гальваноконструкций при формировании первичных покрытий на неметаллических изделиях, из которых изготавливались копии, также разрабатывались новые электролиты для увеличения скорости роста покрытия. Здесь же были разработаны новые варианты технологий металлизации пластмасс, оксидирования мед-

фата и получен материал, имеющий характеристики на уровне мировых стандартов. Синтезированы новые твердые полимерные электролиты, которые представляют собой композиты с высокой проводимостью. Разработка материалов для литий-ионных аккумуляторов проводятся в рамках грантов МОН РК и по заказу АО НАК «КазАтомПром».

ных, алюминиевых, никелевых и латунных изделий для декоративных целей. Все эти работы, как правило, выполнялись по соответствующим договорам с заинтересованными предприятиями, занимающимися производством ювелирной и сувенирной продукции.

Кроме того, под руководством Андрея Петровича были разработаны технологии металлизации полиимидных пленок для печатных плат, космических зеркал и антенн, технологии получения металлизированных микрокапсул и самозаживляющихся покрытий. Эти работы проводились по гранту МНТЦ и двум грантам НАТО в сотрудничестве с учеными из Марсельского университета, Техасского университета, Московского педагогического университета и Технического университета г. Монпелье. Работы по получению самозаживляющихся покрытий были продолжены в рамках гранта по проекту МОН РК «Коммерциализация технологий» при поддержке Всемирного банка развития. Неоднократно руководил исследованиями в рамках проектов грантового и программно-целевого финансирования. В данный момент является руководителем проекта «Разработка инновационного водного электролита для высокоэнергетических металл-ионных батарей».

Коллектив факультета химии и химической технологии Казахского национального университета имени Аль-Фараби выражает благодарность А.П. Курбатову за его профессионализм, а также большой вклад в учебно-научную деятельность факультета.

**Алина ГАЛЕЕВА,**

**Лейла КУДРЕЕВА,**

доценты факультета химии и химической технологии



**Әбиба ӘБУЖАҚЫНОВА**, дзюдодан  
өлемдік Гран-при турнирінің чемпионы:

## Ел үмітін ақтау алтыннан да қымбат



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті Әбиба Әбужақынова дзюдодан өлемдік рейтингте үздік алтылыққа енді. Франция астанасы Парижде дзюдодан өткен өлемдік Grand Slam турнирінің қола жүлдегері. Сонымен қатар жақында спортшы Португалияда өткен өлемдік Гран-при турнирінің чемпионы атанды. Бүгінде Әбиба ҚазҰУ-дың заң факультетінде «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алуда.**

Әбиба Әбужақынова іріктеу кезеңінде аргентиналық Кейси Перафан мен сербиялық Андреа Стоядиновты жеңіп, жартылай финалға шыққан. Жартылай финалда тәжірибелі израильдік Шира Ришонидің жауырынын жерге тигізіп, алтын медаль жеңіп алды. Бұл – өткен жылы қазақ қыздары арасында алғаш рет өлем чемпионатының жүлдегері атанған Әбиба Әбужақынованың биылғы екінші медалі.

– Жеңісімді Қазақ еліне арнаймын! Әнұранды шырқатып, мұқым жұртты қуанышқа бөлеп, жастарға жігер, қарттарға үміт бола білдім деп ойлаймын. Әрине, бұл жеңіске жету де оңайға соққан жоқ, қаншама жылғы еңбектің, маңдай тер мен ұйқысыз күндердің өтеуі. «Адал еңбек бәрін жеңбек» – осы өмірлік ұстанымымды негізге алдым. Міне, бұл мәтел қажырлы еңбектің түптің түбінде қалаған межеге жеткізетініне дәлел. Былтыр Ташкентте өткен өлем чемпионаты жайлы сіздерге берген сұхбатымда: «Алдағы уақытта алтын алуға барымды саламын», – деген едім. Сөзімде тұрдым. Бұндай көрсеткішке жетуіме бірден-бір себепкер болған, мені шыңдап, жігерімді жани түскен бапкерлерім – Нұрбол Сүлейменов пен Мейіржан Есмағанбетовке алғысым орасан зор, – деді чемпион.

Спортшы былтыр дзю-

додан Әбу-Дабидегі Grand Slam сериясындағы турнирде қола медаль жеңіп алды. Сонымен қатар Ташкентте өткен өлем чемпионатының қола жүлдегері. Ол – дзюдодан өлем чемпионатының жүлдегері атанған алғашқы қазақ қызы.

– Жарыстан қандай әсер алғанымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Әрбір маңдай терімнің ақталғанына, қателіктерімді баспалдаққа айналдырып, жеңіс тұғырынан көрінгеніме шүкір! Осы жарыста көрсеткен өнерім өзіме ұнады. Бірақ әлі де қателіктеріммен жұмыс істеп, шыңдалып, екі есе жаттығуым керек. Өйткені тақымын қысып, тілеулес болып отырған отандастарым, маған қарап бой түзеген жастар бар. Алтын медальды алудың машақатынан бөлек, жауапкершілігі – қиынның қиыны. Өйткені бұдан кейінгі әрбір әдіс-тәсілің жұрт назарында болады. Бабыңды жоғалтпауың керек. Ал алтыннан да қымбат нәрсе бар, ол – ел үмітін ақтау. Қазірде ҚазҰУ-дың заң факультетінде оқуымды жалғастырып жатырмын. Аталмыш оқу ордасында білім алып жатқанымды мақтан тұтамын. Оқу үлгерімім де жаман емес, ұстаздарым қашанда тілектес әрі қолдан келгенін аянбайтын жанаушы, – деп сөзін тамамдады спортшы.

**Нұрбек НҰРЖАН**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздегі жоғары оқу орындары арасында философия докторларын (PhD) даярлауда алдыңғы қатарлы университеттердің бірі. Білім ордасының докторанттары PhD докторларды дайындау бағдарламасы аясында өлемнің алдыңғы қатарлы университеттері мен түрлі ғылыми-зерттеу орталықтарында тағылымдамадан өтуге мүмкіндіктер алған. Мен де осы жылы шығыстану мамандығының 3-курс докторанты ретінде Корея Республикасының Ёнин қаласындағы серіктес Хангук шет тілдері университетінің Глобал кампуста орналасқан Орталық Азияны зерттеу институтында тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болдым.**

## Зерттеу тәжірибесі табысты әрі пайдалы болды

Бұл зерттеу тәжірибесі мен үшін табысты әрі өте пайдалы болды. Себебі Орталық Азияны зерттеу институтының директоры, профессор Сон Ёң Хун диссертация тақырыбы бойынша, сондай-ақ жоғары рейтингті Scopus және Web of Science журналдарына жарияланатын мақаланың тақырыбы мен мазмұны бойынша кеңестер беріп, өзара пікір алмастық. Сонымен қатар Орталық Азия елдері мен ТМД елдеріндегі корей диаспорасы мәселелерін зерттеумен айналысатын Хангук шет тілдері университетінің профессорларымен кездесіп, зерттеу тақырыбына қатысты талдаулар жасалды. Отырыс барысында Ким Саң Чоль, Хван Ёң Сам, Бакишев Дулат сияқты университет профессорларынан диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша және диаспораның медиаторлық рөліне, соның ішінде Қазақстандағы корей диаспоралары мәселелеріне байланысты зерттеулер жүргізу бойынша кеңес-ұсыныстар алдым.

Ғылыми тағылымдамадан өту барысында диссертация тақырыбы бойынша материалдар жинақтап және оларды талдау, ғылыми әдебиеттерді зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Хангук шет тілдері университетінің кітап-



ханасында ізденіс жұмыстарын жүргізіп, RISS (Research Information Sharing Service), e-article, KISS (KoreanStudies Information Service System), DBpia (DataBase Periodical Information Academic) деректер базасында корей және ағылшын тілдеріндегі ғылыми жарияланымдармен танысып, керек материалдарды жинақтадым.

Оңтүстік Кореяның ғылыми жарияланымдар базасына қол жеткізуім диссертация жазуға қажетті зерттеу мақалалары мен аналитикалық есептерді жинауға мүмкіндік берді. «Шетелдік зерттеулердегі корей сарам» атты шолу мақаланы дайын-

дау үшін Оңтүстік Корея ғалымдарының диаспора және «Корё сарам» мәселелерін қарастыратын ғылыми жарияланымдарын жинақтап, талдау жүргіздім. Сондай-ақ Оңтүстік Кореяның «Қоғамдық дипломатия» және «Жұмсақ күші» тақырыбына арналған ғылыми еңбектерді қарастырдым.

Сонымен қатар Web of Science, JSTOR, EBSCO деректер базасында шетелдік зерттеушілердің ғылыми

еңбектерін іздеу және жинақтау жұмыстары жүргізілді. Университет кітапханасының толық мәтінді деректер қорымен, шетелдік зерттеушілердің кітаптары мен монографияларының электронды нұсқаларымен, Оңтүстік Корея және батыс елдеріндегі ғылыми басылымдардың мәліметтер базасымен жұмыс істеу нәтижесінде ғылыми-зерттеу жұмыстарына қажетті материалдарды жинақтап, ғылыми тағылымдаманы сәтті аяқтадым.

**Айнұр МАРАТҚЫЗЫ,**  
шығыстану факультеті  
Қиыр Шығыс кафедрасының  
3-курс докторанты

## Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру қажет

**Балалар – мемлекетіміздің бар байлығы. Оларды қорғау әрі қолдау бәрінен маңызды. Өйткені балалар – болашағымыздың жауһар айнасы. Балаларға қарап болашақты болжауға һәм көруге болады. Ал балалар болашағының жарқын болуының негізі – кітап оқу мәдениетін қалыптастыруда жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, «балаларды қалай кітап оқуға баулимыз» деген сұрақтың туындауы заңды.**

Күрмеулі мәселенің күрделі түйінін шешу әсте оңай болмас. Әсіресе ғылым мен техникасы қатар қарыштап дамыған заманда баланың назарын кітапқа аудару – инемен құдық қазғаннан да қиын нәрсе. Гаджетін досқа айналдырған баланың адал досы кітап екенін түсіндіру – бізге міндет һәм балалар жазушылары үшін бұл парыз. Аталмыш парызды орындау мақсатында біз бүгінгі заман балаларының қызығушылығы неде екенін білуге ұмтылдық.

Аулада ойнаған балаларды мұқият бақыладық. Сонда бір байқағанымыз – бастауыш сынып оқушылары «Игра в кальмара» ойнауға өте құштар. Ойынның шарты бойынша бір бала қуыршақ, ал қалғандары «құл» болады. Қуыршақ болған бала бұрылып үлгергенше, қалғаны тиісті жерге жетіп үлгерулері керек. Олай істемесе, қуыршақ атып тастайды... Шыны керек, бұл уайымдауға тұрарлық жайт. Балалар қазір осыны ойнаса, өскенде кім болады? Біз балалардан «Бұл ойынды кім үйретті?» деп сұрадық. Олар «ютубтан көрдік»

деп бірден жауап берді. Міне, мәселе қайда жатыр?! Насихат әлеуметтік желіден басталған.

Бірақ бір ескеретін нәрсе – бұған бала да, блогер де, тіпті әлеуметтік желі де кінәлі емес. Себебі блогер бейнебаянды ютубқа салар алдында жас шектеуі бар екенін ескертеді. Ал балалар оны қарауға болмайтынын білмейді. Сондықтан да ата-ана балаларды дер кезінде бақылап отырғандары абзал.

Қазіргі балалар бұрынғыдай ойнамайтынын жоғарыдан байқадыңыздар. Олардың әлеуметтік желіден көргендерін қайталап, шынайы өмірде ойнайтынын білдіңіздер. Енді бұл мәселені қалай шешуге болатынына келейік.

Сегіз жасар бала өздігінен өмірін жоспарлай алмайды. Балаға күнделікті күнін жоспарлауға көмектесу қажет. Әйтпесе ол әлеуметтік желіден көрген ойынын ойнауға мәжбүр болады. Алайда көп ата-аналар жұмыста болатындықтан, балаларға жеткілікті дәрежеде көңіл бөле алмайды. Кінә іздеуден аулақпыз. Біз бәрін де жақсы түсінеміз. Бала тәр-



биелеп өсіру оңай емес. Сондықтан біздің ұсынарымыз – балаларға арнап ойын шартын түсіндіретін ютуб-арналар болса екен. Балалардың жас ерекшелігі мен психологиясы ескеріліп, блогерлер бейнебаян түсірсе... Балалар ол ойынды ойнаса... Ол ойын баланың сөздік қорын дамытып, білім қоржынын жетілдірсе... Сонда бала назары шетелге аумап, ұлттық ойындар ойнауға һәм оны насихаттауға құштар болып тұрар еді.

**Алтыншаш ҚҰРМАНАЕВА,**  
Ш.Уәлиханов атындағы  
Көкшетау университеті филология  
бөлімінің 3-курс студенті

# Қоршаған ортаны қорғау жайын ойлау керек

Экологиялық проблемалар ежелден адамзат болашағының дамуының әр сатысында да маңызды болғаны баршаға аян. Вернадский ілімінен басталған экологиялық зерттеулер маңызын ешқашан жойған емес. Басты мақсат – болашақ ұрпаққа аманат етілген ғаламшарды көздің қарашығындай сақтап, жеткізу.



күттірмейтін шаралардың бірі болуы керек-ақ. Осы мақсатта әлемдік деңгейдегі проблемаларды ортаға салып, зерделеу ҚазҰУ-дың студент жастарының алға қойған мақсатқа жетуде пайданы барынша арттыруға және шығындарды азайтуға бағытталған, сондай-ақ басқа іргелі негіздері жоқ экономиканың ұзақ мерзімді жаһандық дамуы табиғи, әлеуметтік және тіпті рухани ортаның елеулі деградациясына әкелуі мүмкін екенін ұғындырған жөн. Осындай шаралардың бірін іске асыру ниетімен химия және химиялық технология факультетінің 4-курс студенттері химиялық өндіріс технологиясымен толық танысқаннан соң мүмкін болды.

Бұл шара қоршаған ортаға химия өндірісінің қаншалықты зиян әкелетініне көз жеткізу ниетінде ұйымдастырылды, соның нәтижесінде тұрақты дамудың экологиялық проблемаларына мән беру олардың ертеңгі мамандығымен тікелей байланысты екенін түсінуге алып келді. Себебі химия өндірісінен шығатын қалдықтар улылығы жағынан ең

қауіпті қалдықтар сыныбына жатады. Ал қоршаған ортаға зиян келтірмес үшін химиялық технологияға қойылатын талаптар мүлтіксіз орындалуы қажет. Қоршаған ортаны қорғау мәселесі екі жолмен шешілуі мүмкін: технологиялық процесс нәтижесінде өндірісте қалдық қалмауы керек және қандай агрегаттық күйінде болсын сыртқы ортаға шығатын қалдық тазартылуы тиіс. Көптеген өндіріс қалдықтары қоршаған ортаға – ауаға, суға және топырақ-жер қыртыстарында тарайды. Фауна (жануарлар, жабайы аңдар дүниесі) мен флораға (белгілі жердің, аумақтың өсімдіктер дүниесі) қауіп төндіреді. Дұрыс ұйымдастырылмаған өндіріс технологиясы зиян шектіретіні белгілі. Демек, қоршаған ортаны қорғау қамын қазірден бастап ойлау болашақ маман үшін басты міндет.

**Нұрбибі ЖӘКІРОВА,**

**Женета ТАШМҰХАМБЕТОВА,**

химия және химиялық технология факультетінің оқытушылары

**Химия және химиялық технология факультетінде х.ғ.к., доцент Перизат Ибрагимқызының ұйымдастыруымен «Мансап менеджменті: кәсіби даму жоспарын қалай құрамын?» тақырыбында педагог-тренер Ескендір Бестай өз тәжірибесі, ақыл-кеңесімен бөлісті.**

Іс-шараға химия және химиялық технология, биология және биотехнология, география және табиғатты пайдалану факультет-

терінің студенттері мен оқытушылары қатысты.

«Әрекет түбі – берекет» дегендей, Ескендір Бестай білім алушыларға маңдай тердің ақталатынын айтып, алға нық қадам жасау жолдарымен бөлісті. «Кедейліктен – кемелдікке» бастайтын ойы студенттерге шабыт сыйлады. Кездесудің қызықты болғаны соншалық – студенттер тренерді ұйып тыңдап, уақыттың қалай жылдам өтіп кеткенін аңғармай қалды. Олар көкейкесті

сұрақтарына жауап алып, бизнес әлемінің қыр-сырына қанықты.

Әйгілі Махатма Ганди «Жеттім, толдым деген адамның дамуы шектеліп, міндетті түрде кері кетуі басталады» деген екен. Жастардың рухын түлетер осындай кездесу, дәрістердің пайдасы зор.

**Назым ЕЛІБАЕВА,**  
**Гүлназ СЕЙТІМОВА,**

химия және химиялық технология факультетінің оқытушылары

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ  
UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1853,22 теңге	1743,57 теңге
12 айға	3706,44 теңге	3487,14 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,  
«QAZAQ UNIVERSITETI»  
газетіне жазылууды ұмытпаңыз!

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: 377-32-86, ішкі: 1486  
+7 747 325 6874

# Студенттерді шабыттандырған дәріс



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.